

Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданының аумағында шетелдіктер үшін туристік жарнаның мөлшерлемелерін бекіту туралы

Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданы мәслихатының 2024 жылғы 28 наурыздағы № 24/4 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2024 жылғы 2 сәуірде № 7735-15 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 2-10-тармағына, "Шетелдіктер үшін туристік жарнаны төлеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2023 жылғы 14 шілдедегі № 181 бұйрығына сәйкес (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 33110 болып тіркелген), Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданының мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданының аумағында туристерді орналастыру орындарындағы шетелдіктер үшін туристік жарнаның мөлшерлемелері болу құнынан 0 (нөл) пайыз мөлшерінде бекітілсін.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданы мәслихатының
төрағасы*

Ж. Каримова